

КУРШИМІМ ТУҒАН ӨЛКЕМ, ТАБИҒАТЫҢ НЕТКЕН КӨРКЕМ



ҰЛАН-БАЙТАҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ КҮН

ШЫҒАР ТҰС ШЫҒЫСЫ – ШЫҒЫС
ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫН БІЛЕТІН
БОЛАРСЫЗДАР!


ҚАЗАҚСТА

Н

ШҚО



ШЫРАЙЛЫ ШЫҒЫСТА ТАҢҒАЖАЙЫП ТАБИҒАТЫ
ТАМСАНДЫРҒАН, ҚОНАҚЖАЙ ХАЛҚЫ
ТАҢҚАЛДЫРҒАН **КҮРШІМ** ТҰР!





Мына кемеге аяғыңыз тигеннен-ақ Күршімге
бір табан жақындайсыз!



**КҮРШІМ АУЫЛЫНА КІРЕ БЕРІСТЕ АЙБЫНДЫ БАРАҚ
БАБАМЫЗДЫҢ ЕСКЕРТКІШІ ҚАСҚАЙЫП СІЗДІ ҚАРСЫ
АЛАДЫ**



Көкжал Барақ Шүрекұлы (1702-1772) – жоңғар-қалмақ шапқыншылығына қарсы күресте қол бастаған даңқты батырлардың бірі. Орта жүздің Найман руының Ергенекті – Көкжарлы буынынан шыққан. Қазіргі Күршім ауданында дүниеге келген. «Көкжал Барақ» деген атпен үш жүзге мәшһүр болған тарихи тұлға. ХVІІІ ғасырда Қазақ елін қанымен, жанымен қорғаған Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Наурызбай, Ер Жәнібек батырлармен тізе қосып шүршіт пен қаһарлы жоңғар-қалмақ басқыншыларына қарсы ерлік көрсеткен.

**2012 ЖЫЛДЫҢ 11 ШІЛДЕСІНДЕ
КҮРШІМ АУЫЛЫНДА «ҚАЗАҚ
ЕЛІ» МОНУМЕНТІ БОЙ КӨТЕРДІ.**






2013 жылдың 20 қыркүйегінде Күршім ауылында «Сартау» стадионы ашылды. Онда түрлі спорттық шаралар, мерекелер тойланады.



Қыста Күршім ауылында мұздан жасалған ертегі кейіпкерлері пайда болады. Жаңа жыл кезінде Күршімнің халқы олардың қасында естелік суреттерге түсіп, маз-мейрам болысады. Балалар сырғанақ теуіп ойнайды.

Күршім халқының тарихы туралы білгіңіз келсе, аудандық мұражайға барыңыз. Ол жерде тек тарих жайында ғана емес, біздің өлкемізде кездесетін жануарлар, құстар, жәндіктер туралы да мағлұмат ала аласыз.



Бір бөлме қазақ этнологиясына арналған. Мұражайда Күршім өңірінің Ұлы Отан соғысының ардагерлері жайында да қызықты деректер өте көп.



«Қолжетімді баспана - 2020» бағдарламасы бойынша Күршім ауылында 64 пәтерлі тұрғын үй күрделі жөндеуден өтті.



Күршімнің орталық алаңында «Бәйтерек» бой көтерген. Ол Астанадағы еліміздің мақтанышы Бәйтеректің көшірмесі болып табылады.



2012 жылы біз зәулім мектепке кірдік. Біздің мектебіміз өте жылы, кең және жарық. Гимназияда сабақты жақсы оқуға барлық жағдайлар жасалынған.

Күршім ауылындағы жолдардың жөнделуі көзімізді қуантады.







Күршім ауданы бойынша 5 315 боздақ Ұлы Отан соғысынан қайтпаған екен. Бұл мемориал батырлардың рухына тағзым және жас ұрпаққа үлгі-өнеге болсын, халыққа рух берсін деген ниетпен, 1941-45 жылдардағы фашистермен болған қанды шайқастан қаза болған күршімдіктердің құрметіне қойылып отыр. Кешеннің маңдайында «Ешкім де өлгендерді тірілтуге құдіретсіз, дегенмен де, оларды мәңгі есте сақтау біздің қасиетті парызымыз» деген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзі мәрмәрға ойып жазылған.

Даңқ мемориалы кешенінің аумағы 5 гектарды құрайды. Екі секторға бөлінген аумақтың бір жағы тұрғындардың сейілдеуіне арналған. Онда гүлзар, субұрқак, орындықтар мен аллея орналасқан. Ал екінші сектор боздақтарға арналған «қасиетті орын» саналады. Алыстан көз тартатын көрнекті мемориалдың қабырғасы бетоннан құйылған. Соғыстан қайтпаған 5 315 боздақтың аты-жөні «габбро» мәрмәрға түсірілген.

**«Туған жерге туың тік» деген дана
халқымыз!**

**Біз осындай сүйікті ауылымызбен
мақтанамыз және оның күннен күнге
көркейіп, дамуына өскенде өз үлесімізді
қосуға асығамыз!**



Марқакөд қорығы





★ **Марка**
Көл



. Көлдің суының мөлдірлігі сонша 6-7 м терендікке дейін түбі анық көрінеді, солтүстігінде теңіз деңгейінен 3000 м биікте орналасқан Күршім жотасы, оңтүстігінде Азутау жотасы, биіктігі 2385 м.



Қорықтың жалпы ауданы 75 мың гектар, оның 44 мыңын көл айдыны құрайды.. Қорық ауданындағы климат қатаң континентті. Мұндағы Қазақстан аумағы үшін ең төмен қаңтардың орташа температурасы -26° - -27°C , ал кейде аяз -55°C -қа дейін жетеді.



Көлге 27 кішігірім
өзендер, жылғалар
құяды, ал одан бір
ғана өзен Ертістің оң
саласы

- Қалжыр ағып
шығады. Дәрілік
өсімдіктерден аралий
мен

«алтынтамыр» кезде-
седі. Қорықта
сүтқоректілердің 39
түрі мекендейді,





Қоңыр аю



Арқар




Ақ қоян



Таутеке



Құндыз



Жабайы
шошқа



* Елік

Балығы мол



Көлде балықтың бірнеше түрі: мөңке, майқан, талма, теңге бар. Бұлардың ішінде ең бағалысы мөңке, оның еті өте дәмді



Өсімдіктің 721 түрі
кездеседі

Марқакөлде бір рет
болған адам, өмір
бойы оның жағасын,
ағаш сыбдырларын,
мөлдір таза өзен
ағыстарын, қар
самалын ұмытпайды.



Мұқағали Мақатаев

"Аққулар ұйықтағанда" поэмасы















ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СОТ







**Дүние жүзіндегі ең ұзын
өзен (Ніл өзені – Африка)**



Дүние жүзінің ең биік шыңы (Эверест –
Азия–8848 м.)



Дүние жүзіндегі ең үлкен шөл

(Сахара шөлі –

Орталық-Солтүстік Африка)



Дүние жүзіндегі ең үлкен көл
(Каспий теңізі – Орта Азия – 394299 км²)



**Дүние жүзіндегі ең суық жер
(Восток 2 - Антарктика -89,2 C°)**



**Дүние жүзіндегі ең үлкен ит
(АҚШ – Геркулес – 1 м/128 кг)**



**Дүние жүзіндегі ең үлкен тышқан
(Капибара – 140 см/66 кг)**



Дүние жүзіндегі ең үлкен жанартау (Тамбора – Индонезия)



Дүние жүзіндегі ең үлкен үңгір (Карлсбад – Нью-Мексико, АҚШ)



**Дүние жүзіндегі ең үлкен ар (Гренландия
– Солтүстік Атлантика – 2175597 км²)**



Дүние жүзіндегі халықтың ең көп шоғырланған өлкесі (Қытай – 1 237 000 000 адам)



**Дүние жүзіндегі ең үлкен қорған
(Қытай – көлемі 3035 м, тереңдігі 175 м)**



Дүние жүзіндегі ең үлкен сарқырама (Ангел – Венесуэла – 1000 м)



**Дүние жүзіндегі ең терең шұңғыма
(Сібір – көлемі 1,2 км)**



Дүние жүзіндегі ең үлкен тышқан
(Капибара – 140 см/66 кг)



Дүние жүзіндегі ең ыстық жер
(Әл-Әзизия – Ливия – 57,7 С°)



Дүние жүзіндегі ең үлкен мемлекет (Ресей – 10 610 083 км²)





«Әлемнің жиырма
кереметінің бірі - Қиын
Керішке саяхат»

A landscape of layered, reddish-brown mountains under a blue sky. The mountains have distinct horizontal strata, and the foreground shows a deep, shadowed valley. The sky is a clear, pale blue with some light clouds.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері:

- Қиын –Керіш туралы мәлімет беру;
- Жұртшылықтың қызығушылығын тудыру;
- Саяхатшылардың назарын аудару:
- Күршім ауданындағы туризмнің дамуына өз үлесімді қосу;
- Табиғаттың тамаша тартуын қорғауға шақыру.

Қиын-Керішке қош келдіңіздер!
Добро пожаловать в Киин-Кериш!
Welcome to Kyin-Kerysh!



ҚИЫН-КЕРІШ

«Қиын Керішке келген сайын ондағы әрбір жота мен адырлар әр қырынан көрінеді»

Борис Щербаков

Сәлем, достар!
Біз бүгін әлемдегі
керемет жерлердің
бірі Қиын- Керішке
бару үшін жолға
шығамыз.



ӨР АЛТАЙ, АСҚАР АЛТАЙ, АСҚАН АЛТАЙ ...

КҮРШІМ АУДАНЫНА ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!

FUCK THE
AUTOMATIC
TRANSMISSION

F 393
AXN

MITSUBISHI
SUPER SELECT
4WD
PAJERO



**Ғажайыпқа толы өңірдің қатарына еліміздің
Шығыс аймағы жатқызылады.**

**Негізінен таулы аймақ болып табылатын
Шығыс Қазақстан жерінде сондай керемет
жерлер баршылық.**

Солардың бірі-Қиын Керіш.

**Бұл ерекше шатқал облыстың Күршім
ауданының аумағында орын тепкен.**

Қиын-Керіш шатқалы
«Рухтар қаласы» аталып кеткен марс көріністерімен бай мекен. Қиын-Керіштің кейбір жарлары желдегі оттың жалыны «Жанған Жартастарға» ұқсайды. Қиын-Керіш геологтар үшін фауна мен омыртқалы жануарлардың қалдықтарына бай Азия мен Еуропада теңдесі жоқ таптырмас қызықты аймақ. Ол Шығыс Қазақстан облысындағы Күршім ауданында 300 гектарды алып жатыр.

Дара, Қиын-Керіш
несімен
ерекше?





- ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ:

- Қиын-Керіш - қызыл топырақты құлама жарлардан, өркештелген адырлардан,

қызғылт сары, ақ, көк және басқа да сан түрлі топырақты мұнаралардан тұратын ерекше шатқал. Аумағы 300 гектар.

- Топырағының қызғылт түсі жаздың аптап ыстығында сағымданып, жалын шашып тұрғандай көрінеді, сондықтан "Жалынды жар" деп те атайды. Қиын-Керіштің ең басты қазынасы - әр геологиялық дәуірлер із қалдырған түрлі-түсті қатпарлы, шөгінділері мен бедерлері. Геологтар бұл жерді табиғат ескерткіші деп санауда.
- Топырақ құрамы ақ балшықтан тұратындықтан қар, жаңбыр суларынан майша еріп, шатқал маңындағы жолдарда көліктер тайғанақтап, батып, жолаушылардың өтуіне қиындықтар келтіреді екен. "Қиын-Керіш" деп осы жол қиындығына байланысты қойылса керек.
- Жалпы «керіш» сөзі түркі тілінде «тау», «жота» дегенді білдіреді екен.



<http://ncurare.livejournal.com/25532.html>



Өсімдіктер әлемі:

Қорғауға алынған сирек кездесетін сұр атрафаксис пен ақ сасыр, сексеуіл, жапырақтары әртүрлі емен, шегіршін, қызғалдақ және тағы басқалар.



Жан-жануарлар әлемі:

Қазақстанның Қызыл кітабына енген дала қыраны, ителгі, үкі, дала күйкентайы, орталықазиялық ақсары бүркіт, қызыл үйрек, сарыала қаз, қарабауыр бұлдырық, жыланторғай, дуадақ, безгелдек, сары алақоржын, қызыл түлкі, қызыл қасқыр.

Абыз дала аңыздары...

* Ғалымдардың зерттеуіне сүйенсек, бұл жер шөгінді жыныстар нәтижесінде пайда болған деген болжам бар. «Бұл аймақ миллиондаған жылдар бойы теңіз бен көлдің түбінде жатқан» деген әңгімелер де айтылады.

* Бұл жерге келген саяхатшылар, ғалымдар үшінші мыңжылдық деп атаған дәуірге еніп кеткендей күй кешетінін жасырмайды. Ол шамамен 60 миллион жылдай бұрынғы уақытты қамтиды.

* Алыстан қарағанда Қиын-Керіш құздары мен сазды жартастары жел кезінде шашырап жатқан алауға ұқсайды. Сондықтан оларды **«Алаулаған адырлар»** деп те атайды. Қиын-Керіш жазығының басты атауы **«Асқақ әдемілік»** деген мағынаны береді. Сондай-ақ **«Рухтар қаласы»** деген атау да жиі қолданылады. Себебі жабайы тастары бар алып шұңғыма біршама үрейлендірсе, оның алыптығы естен тандырады.





Бұл өңірдің қуатты, бірақ «қаһарлы» энергетикасы туралы да жиі айтылады, осы кезде бұлттардың біртүрлі диск тәріздес формалары да жайлы айтылады. Олар расымен де тек қана Қиын-Керіштің төбесіне үймелеп тұрады екен.





**Нағыз «жатпланеталық пейзаж»!
Ғажайып адырларға қадам басқанда түс көріп немесе
ертегі әлемінде жүргендей сезінесің.**





Топырағына табаны тиіп, табиғаттың таңғажайып көрінісін тамашалағандар Қиын Керіштің кәдімгі Марсқа тән пейзажын ауыздарының суы құрып әңгімелейді. Тіпті, кейбір саяхатшылар «қызыл планетаны көру үшін Марсқа ұшудың керегі жоқ, Қиын Керішке барсаңыз жеткілікті» деп те әзілдейді.




Орналасқан жері - Шығыс Қазақстан облысы, Күршім ауданының орталығы Күршімнен оңтүстікке қарай (Күршім-Қалжыр жолы бойымен) - 120 км., Зайсан көлі мен Аманат ауылы тұсынан солтүстікке қарай - 25-28 км.



- 1 Облыс орталығы Өскемен қаласы
- 2 Аудан орталығы Күршім ауылы
- 3 Қиын-Керіш

▼ - Қиын- Керіш шатқалы



Усть-Каменогорск

Серебрянск

Бухтарминско

Нов. Бухтарма



Шар

Жангизтобе

Георгиевка

Казналовка

Солнечный

Коклекти

Курчум

Өскемен- Куршім
220км

● - Аудан орталығы; Ауылдық округ.


▼ - Қиын- Керіш



Өскемен қаласынан Қиын- Керішке дейінгі сапарда қолданылатын көлік түрлері:

Жеңіл көлік; автобус; жол таңдамайтын көлік; қалқымалы өткел



The background of the image is a night sky filled with star trails, suggesting a long-exposure photograph. In the foreground, Dora the Explorer and Boots the Monkey are standing on a grassy field. Dora is on the left, wearing her signature pink shirt, orange shorts, and a backpack, with her arms raised in a cheerful gesture. Boots is on the right, wearing a blue suit and red boots, also smiling. In the background, several tents are set up on a grassy field, with some lights glowing from inside. The overall scene is a peaceful night campsite.

Мұнда жазда барып
демалуға кеңес берер едім.
Әсіресе, түнде шатыр тігіп
қонған, керемет әсер
қалдырады!

Назарларыңызға рахмет!
Міндетті түрде Қиын- Керішке
келіп демалыңыздар!

